



## Ядролық қарусыз әлем

## ЛУЧШАЯ ДЕСЯТКА

Десять студентов факультетов КазНУ: востоковедения, химии и химической технологии, биологии и биотехнологии, физико-технического и международных отношений были удостоены стипендий фонда Korea Sanhak Foundation.

Продолжение на 2 стр.

## Укрепляя научные коммуникации

В рамках межправительственной программы «Ньютон-Аль-Фараби» в Центре профессионального развития и взаимодействия, созданном на базе КазНУ, прошел трехдневный тренинг «Researcher Connect». В мероприятии приняли участие ученые из университетов и исследовательских институтов г. Алматы и Алматинской области.

«Researcher Connect» – это серия интерактивных обучающих курсов для исследователей, находящихся на любой стадии исследовательской деятельности и работающих в любой академической сфере. Курсы направлены на профессиональное развитие с фокусом на улучшение коммуникационных навыков в международном контексте. Такой уникальный тренинг проводится на английском языке и дает возможность участникам повысить рейтинг и репутацию своего учреждения в мировом научном сообществе, а также поднять качество исследований на более высокий уровень.

Ведущими тренинга выступили сертифицированные тренера программы Researcher Connect Карина Наримбетова, Эльмира Ибраева и международный консультант по образованию из Канады Тара Мичел. По их мнению, исследователям необходимо акцентировать внимание на развитие глобальных коммуникационных навыков, которые откроют новые возможности и горизонты для дальнейшего продвижения своих исследовательских проектов.

Продолжение на 3 стр.



Осыдан 26 жыл бұрын «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы көптеген қарсылықтарға қарамастан, Семей ядролық сынақ полигонында жоспарланған 18 жарылыстың 11-ін тоқтатқан болатын. Әскери-өнеркәсіптік кешен тек 7 жарылыс жасап үлгерді, оның ең соңғысы 1989 жылы 19 қазан күні орын алған еді. Қазақ жерін дүр сілкінткен осы соңғы ядролық жарылыс күніне орай белгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, «Невада-Семей» антиядролық халықаралық қозғалысының президенті Олжас Сүлейменов пен қозғалыс өкілдері ҚазҰУ ұстаздарымен және студенттерімен кездесті.

«Осы уақыт ішінде үрей басылғанмен, 40 жыл бойы жарылыс жасалып келген аумақ қасіретінен айыға қойған жоқ. Жапонияның Хиросима, Нагасаки қалаларының тұрғындары атом бомбасының құрбаны болып, соның зардабын осы күнге дейін тартып келеді», – деп сөз бастады кездесуді ашқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы. «Кенестік тоталитарлық жүйе ядролық сынақтар үшін қандай зұлымдыққа барды десеңізші. Жойқын жарылыстар Абайдай данышпан шыққан, Әуезовтей ғұлама жазушыны берген, махаббаттың мәңгі символына айналған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ескерткіштері тұрған Семей жерін тоздырып, елін аздырды. Радиациялық жарылыс әсері барша қазақ жерін шарпыды. Осынау қауіпті күшке қарсы алғаш Олжас Омарұлы бас көтерген болатын. 1989 жылы «Невада-Семей антиядролық қозғалысы дүниеге келді. Бұл қозғалыс бүкіл республикада және дүниежүзінде қолдау тапты. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды. Соның арқасында жарты ғасырдай індет ошағы болған дертті аумақ жабылды», – деп атап өтті ректор.

Деректерге сүйенсек, полигонның 40 жылдық тарихында 459 жарылыс жасалды. 1949-1962 жылдары ашық ауада 88 сынақ, жер қойнауында 3 рет бомба жарылды. 1953 жылдың 12 тамызында әлем тарихында алғаш рет термоядролық құрылғы ашық аспан астында сынақтан өтсе, 1955 жылдың 22 қарашасында жер үстінде жарылған сутегі бомбасы жанталаса қаруланған дүниежүзінің державаларын Кенес Одағының алдында тізе бүгуге мәжбүр етті. Өйткені, бұл сынақ адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған еді. Сондай-ақ, Кенес елі осы уақыт аралығында ядролық заряды бар 6 құрылғыны жеті кат көкке жуық жоғары биіктікте

сынақтан өткізіп үлгерді. Ал, жер қабатындағы тік ұңғымалар мен көлбеу туннельдерде 340-тан астам сынақ жүзеге асырылды. Одан 1.5 миллион адам зардап шекті.

Кездесу барысында сөз алған қозғалыс президенті, белгілі ақын Олжас Сүлейменов алдымен туған университет табалдырығын аттаған сайын ерекше сезімде болатынын атап өтті. Қызықты студенттік жылдарын еске ала келе, ол: «Осы қозғалысты бастағанда, ең алымен, бізге үлкен көмек көрсеткен студенттер болды. Олар бір-екі апта көлемінде 2 миллионнан астам қол жинады. Бұған дейін әлем бойынша мұндай ауқымды әрі нәтижелі қозғалыс болмаған еді. Олардың көбі митинг, науқандармен шектелген болатын», – деп, қозғалысты алға жылжытудағы жастардың рөлін ерекше атап өтті. Ақынның айтуынша, халық дипломатиясы мен парламент дипломатиясының бірігуі нәтижесінде дүниежүзілік деңгейдегі жетістікке қол жеткен. Осылайша, қозғалыс мыңдаған жарылыстарды тоқтатты.

«Алайда, бүгінгі таңда әлемде орын алған әскери-саяси жағдай ядролық қару қауіпін сейілтпей отыр. Сондықтан біз келер жылы Семей ядролық сынақ полигоны жабылуының 25 жылдығына орай «Әлем сайлаушылары – ядролық қаруға қарсы» деген ұранмен Астана қаласында халықаралық конгресс өткізуді жоспарлап отырмыз. Егер біз халықаралық және парламентаралық референдумға қол жеткізсек, бұл барша адамзаттың жеңісі болмақ. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін, әрине, жастардың күш-қайраты мен белсенділігі қажет», – деген Олжас Омарұлы жастарға үлкен сенім артатынын айтты.

Өз кезегінде ҚазҰУ жастары қазақтың ардақты азаматы, ақын ақын Олжас Сүлейменовке үлкен алғыстарын білдіріп, әлемдегі бейбіт өмір үшін оның бастамаларына қолдау білдіретіндіктерін жеткізді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

### БҮГІНГІ САНДА:

КАЗАХСТАН ПРИНЯТ В ЕВРОПЕЙСКОЕ СООБЩЕСТВО ИНЖЕНЕРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



2-стр.

HOW TO MAKE LIFE AROUND YOURSELF BETTER

4-page



ШАРШЫ ТОПТА СЫНАЛАР «АНА ТІЛІ АРУЫ» МЕН «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ»

8-бет



# КАЗАХСТАН ПРИНЯТ В ЕВРОПЕЙСКОЕ СООБЩЕСТВО ИНЖЕНЕРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



Как отметил президент Казахстанской Ассоциации инженерного образования «KazSEE», ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Галым Мутанов: «Полноправное членство «KazSEE» в «FEANI» позволит отечественным специалистам естественнонаучной сферы, инжиниринга и технологий подтверждать свою квалификацию, получать инженерную карту (Engineering Card), европейский сертификат и быть включенными в реестр Европейских инженеров (EurEng). Это предоставляет возможность отечественным инженерным кадрам свободно трудоустроиваться в странах Европейского союза».

Данный шаг является значительным прорывом в интеграции казахстанского инженерного образования в мировое образовательное пространство, что позволит полноценно реализовать задачи поставленные Президентом Н. Назарбаевым в Послании «Стратегия «Казахстан-2050», по обеспечению развития системы инженерного образования

и современных технических специальностей с присвоением сертификатов международного образца.

«FEANI» была основана в 1951 году, и сегодня является одной из наиболее авторитетных профессиональных ассоциаций в Европе, основателем Всемирной Федерации Инженерных Организаций (WFEO). «FEANI» официально признана Европейской комиссией экспертом по инженерному образованию в Европе, имеет консультативный статус в UNESCO, в Организации по промышленному развитию при ООН и в Совете Европы.

От каждой страны в состав входит только одна организация, которая представляет все инженерное сообщество соответствующей страны.

«FEANI» объединяет около 350 инженерных и научных ассоциаций, до 4 млн. профессиональных инженеров в 32-х европейских странах.

ПРЕСС-СЛУЖБА

## ■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Erasmus+KA107 бағдарламасы ҚазҰУ студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына шетелде мәдени тәжірбие жинақтап, өзге білім жүйесімен танысу және басқа мемлекет азаматтарымен достық қарым-қатынас орнату мүмкіншілігін ұсынады. Сонымен қатар бұл үдеріс халықаралық бірлестікті дамытуға зор үлесін қосады.

Эразмус бағдарламасы аясында магистрант және аспиранттарға ғылыми диссертациялық жұмысын, соңғы квалификациялық жұмысын немесе басқа да ғылыми жұмыстарын испан, ағылшын, француз немесе басқа шет тілдерінде жүргізуге болады.

Айта кететін жағдай, студент ағылшынша, испанша оқу немесе өзінің ғылыми жұмысын шет тілде жазу үшін ағылшын тілін меңгергендігі туралы сертификат (кемдегенде B1 деңгейі) иегері болу керек.

Ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттерге шәкіртақы төленеді және де Кадис университетінде білім алу барысында студенттер аталмыш университетін барлық мүмкіншіліктеріне қосымша төлемсіз қол жеткізе алады.

Kaznu.kz

\*\*\*

Ученые КазНУ приняли участие в международной конференции, посвященной к 125-летию Мустафы Шокая. Конференция «Мустафа Шокай: политик и ученый», состоявшаяся в Национальной библиотеке РК, собрала ученых Казахстана, Турции, Азербайджана, Узбекистана, Франции и России.

В рамках конференции прошла презентация 12-томника Полного собрания сочинений М. Шокая, изданного на основе возвращенных на Родину трудов и писем патриота страны, вынужденно эмигрировавшего в Европу. Участники форума прослушали интересные доклады. Им также представилась возможность услышать голос Шокая, записанный на пленку в 1936 году, который выступал на казахском языке и обращался к тюркоязычной молодежи. Любопытный факт – чтение стихотворения М. Жумабаева «Алыстағы бауырыма», специально написанное собратьям в эмиграции. Также был презентован Библиографический указатель «Мустафа Шокай» (1890 – 1941), подготовленный сотрудниками Нацбиблиотеки.

В конференции приняли участие депутаты Мажилиса Парламента РК, директор Архива Президента РК, сотрудники НИИ КН МОН РК Истории и этнологии им. Ш. Уалиханова и Востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, преподаватели национальных и региональных вузов и другие.

Гюльнар МУКАНОВА,

кандидат исторических наук,  
Ass. Prof. факультета журналистики

\*\*\*

ҚазҰУ Студенттер сенаты жастарды қоғамдық жұмыстарға тартып, олардың ел, қала өміріндегі мәдени іс-шаралардың бел ортасында жүруіне мүмкіндік жасайды. Жакында сенат мүшелерінің Алматы күніне орай өткен мәдени шараларда волонтерлік қызмет көрсетуі – оның бір көрінісі іспеттес.

Жастар бұл шараларда музыкалық шеруге қатысумен қатар, өздерінің бос уақыттарын көтеріңкі көңілде өткізді. Мерекелік кеште ҚазҰУ Студенттер сенатының туы биікке көтеріліп, түрлі ойындар мен басқосулар болды. «Уақытымыздың текке өтпей, шараның студенттер арасындағы ынтымақ-бірлікті, ауызбіршілікті нығайта түскеніне қуаныштымыз», – дейді студенттер.

Динара ШӘМИШЕВА,

Студенттер сенаты

## ЛУЧШАЯ ДЕСЯТКА

Продолжение. Начало на 1 стр.



Награды были присуждены студентам-отличникам корейской национальности с высоким показателем GPA, а также студентам, изучающим корейский язык и интересующимся культурой Страны утренней свежести.

Сертификаты стипендий торжественно вручил Генеральный секретарь фонда Korea Sanhak Foundation г-н Ким Му Хан, который тепло поздравил студентов с высокой оценкой их работы и пожелал им удачи. «На сегодняшний день очень важен фактор подготовки высококвалифицированных корееведов

для развития партнерства наших стран, поэтому руководство фонда стремится поощрять лучших студентов КазНУ», – отметил он.

Кроме того, в мероприятии приняли участие Председатель Совета по мирному и демократическому объединению Кореи г-н Ли Дже Ван, южнокорейские профессора г-н Хван Ен Сам и г-н Пак Ли Бан.

В ходе своего визита в КазНУ высокие гости посетили медицинский центр “Smart Health”, где были обсуждены вопросы партнерства с казахстанским вузом. В своем выступлении Первый проректор КазНУ М. Буркитбаев особо отметил плодотворные усилия двух стран-партнеров – Казахстана и Южной Кореи в развитии и укреплении сотрудничества в сфере образования, науки и здравоохранения.

Фонд Korea Sanhak Foundation был учрежден в 1974 году с целью поддержки образования и научных исследований в области техники и технологий, а также содействия научно-промышленному сотрудничеству малых и средних предприятий и университетов мира.



А. КАМАЛДИНОВА

## ■ РЕКТОРАТ

Дағдарыс - екпінмен қозғалатын құйын секілді. Ал бұл құйын ешбір мемлекетті айналып өтпейді. Мекемелер мен оқу орындарына, қаржы нарығы мен валютаға әсер ететіндіктен, университетіміз дағдарысқа қарсы арнайы жоспар бекітті.

## Дағдарысқа қарсы даму жоспары

Бұл жөнінде Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Хәкімжан Алтайұлы Малаев 2015 жылға арналған даму жоспарының орындалуы және 2016 жылғы бюджеттік қалыптастыру туралы хабарлама жасады.

Баяндамада қаржы ресурсының жалпы қорытындысы көпшілік назарына ұсынылды. «Дағдарыс бір күнде, бір жылда шешілетін мәселе емес. Сондықтан университетіміздің дағдарысқа қарсы қаржы-экономикалық дамудың басқару жоспарын орындауымыз керек», – деді университет ректоры Галым Мутанов.

Өткен жыл мен ағымдағы жылы 500 адамға арналған жатақхана, «Керемет» студенттер кешені, заманауи бағытта салынған кітапхана ғимараты сынды тағы да көптеген нысандар жаңа жобаның жетістігі деп бағалауға болады.

Сондай-ақ университет дағдарысқа қарсы қаржы-экономикалық дамудың басқару жоспарына ішкі және сыртқы стандарттарды ескере отырып, стратегиялық жоспар қарастырып отыр.

Дағдарысқа қарсы жоспардың негізгі принципі бойынша маркетингтік қызметтің салдарына назар аударып қана қоймай, жалпы университеттің үгіт-насихат жұмыстарында да сапалық өзгерістің камтылуы шарт.

Сонымен қатар 2015жылдың соңына дейін коммуналдық қызмет бойынша университет шығыны, PhD докторанттар мен магистранттардың іссапары, № 1, 3, 8, 13 жатақханалардың күрделі жөндеуі, көліктік қызмет көрсету төлемі бойынша шығындар сарапқа салынды.

Жұлдыз ӘБІЛ

ҚазҰУ ректоры Галым Мутанов басқаратын Қазақстан инженерлік білім беру қауымдастығы Еуропалық ұлттық инженерлік қоғамдар федерациясының (FEANI) толық құқылы мүшесі болды

# Укрепляя научные коммуникации

Продолжение. Начало на 1 стр.

Эти инструменты позволяют публиковаться в научных зарубежных журналах, выступать на международных конференциях, подавать заявки на участие в национальных и международных конкурсах на предмет финансирования исследований, а также налаживать сотрудничество с международным сообществом.

На открытии тренинга Первый проректор КазНУ профессор М. Буркитбаев отметил, что «в рамках межправительственной казахстанско-британской программы «Ньютон-Аль-Фараби» наш университет был выбран на основе конкурса хабом для проведения тренингов для ученых. Мы считаем данную инициативу своевременной и актуальной. Надеемся, что многие ученые алматинских вузов, обучившись на семинаре, будут иметь необходимые навыки для налаживания продуктивного международного сотрудничества».

Так же считают и сами участники тренинга, которые поделились своими впечатлениями от прошедшего мероприятия. «За три дня мы получили мастер-класс от специалистов высокого уровня, которые продемонстрировали нам примеры правильного выстраивания коммуникаций в научном сообществе. Польза от данного мероприятия будет большая. Это, во-первых, интеграция вуза в мировое научное сообщество. Во-вторых, мы обрели навыки, которые теперь можем передавать всем ученым нашего университета. И, в-третьих, мы обрели крепкие связи с представителями



других вузов и НИИ. Контакты – важная часть данного тренинга, который так и называется «Researcher Connect», что означает «объединяя исследователей», – отметила профессор кафедры Ближнего Востока факультета востоковедения КазНУ Гульнар Надирова.

Своим мнением также поделился и проректор по науке и инновациям Алматинской Академии Экономики и Статистики Даут Мухамбетов. «Мой интерес к данному тренингу заключается в том, чтобы подробнее изучить методы и подходы к составлению документации для участия в международных проектах в целях активизации этого процесса в своем вузе.

Семинар проводится в нужное время, и он полезен как начинающим исследователям, так и опытным ученым. Сам по себе тренинг представляет собой серию учебных модулей для исследователей любой сферы научной деятельности, на любом этапе их карьеры. Мне очень понравился профессиональный уровень участников, большинство из которых представители КазНУ. Все они прекрасно владеют английским языком, являются организаторами научной деятельности в своих вузах и участвуют в проектах», – отметил профессор.

В своих выступлениях участники мероприятия особо отметили роль

КазНУ как принимающей стороны. По их мнению, КазНУ является ведущим вузом среди казахстанских университетов, где большое внимание уделяется расширению связей с научно-исследовательскими организациями, внедрению результатов исследований в производство путем развития Технопарка и коммерциализации технологий. Организовывая подобные мероприятия и имея опыт работы в международных организациях, сотрудники университета продолжают поднимать уровень КазНУ на мировой арене.

Напомним, что в 2014 году правительства Великобритании и Казахстана запустили совместную Партнерскую программу «Ньютон-Аль-Фараби» сроком на пять лет с общим бюджетом в 20 млн. фунтов стерлингов.

В рамках этой программы, целью которой является поддержка научно-исследовательской деятельности в Казахстане и повышение результативности исследований, Британское Консульство в РК и АО «Фонд Науки» инициировали создание восьми Центров профессионального развития и взаимодействия при вузах и научно-исследовательских организациях в разных регионах Казахстана. В ходе совместной работы в рамках двухсторонних и многосторонних программ Великобритания и Казахстан намерены расширить и укрепить существующие связи, создать крепкие, стабильные, систематические отношения в области научных исследований и инноваций.

Рустан АБРАЕВ

# КІТАПХАНА ЗАМАНА КӨШІНЕ ІЛЕСТІ

Жаһандану үрдісіне сай электронды басылымдармен қатар электронды оқыту жүйесі күннен-күнге дамып келе жатыр. Көптеген білім беру мекемелері мен жалпы үкімет жүйесінде электронды оқулықтар мен кітаптар пайда болды. Бүгінде кез келген кітап дүкені мен оқу орындарында компьютерлік жүйеде қалыптасқан басылымдарды кездестіреміз. Ал бұл тек өз елімізде ғана емес, басқа да шетел кітапханасының мәліметтеріне қол жеткізе алатындай мүмкіндік туғызып отыр. Осы ретте ҚазҰУ-да қолданысқа ие EBSCO Discovery қызметі дерекқоры туралы мәлімет бермекпіз.

EBSCO компаниясын 1944 жылы АҚШ-та Элтон Б. Стефенс құрған болатын. Яғни, EBSCO Discovery Service жоғары технологиялық және ыңғайлы іздеу терезесі бар дерекқор болып табылады. Мұнда шамамен 30000-нан астам журналдар мен алты миллионнан астам кітаптар, 100-ден астам газеттердің мақалалары, төрт жүз мыңнан астам конференция еңбектері және жүз мыңнан астам қосымша ақпарат көздерінен алынған деректер мен өзге де материалдар жинақталған.

Студенттер мен оқытушылар дерекқорды пайдалану арқылы ресурстарды, материалдарды, ғылыми-зерттеу қағазын немесе мақала жазу барысында пайдалы қажетті ақпарат таба алады.

Бүгінгі таңда университетімізде

дерекқормен белсенді жұмыс істеу жүзеге асырылуда. Таяуда ғана ҚазҰУ студенттері үшін дерекқорды пайдалану жөнінде арнайы онлайн тренинг өткізілді. Тренингті Халықаралық қолдау өкілі Ирина Крейцарова жүргізіп, шара барысында студенттерге дерекқорды қалай тиімді пайдалану және деректер базасының көмегімен мағлұматты тез әрі оңай тауып алу тәсілдерін көрсетті.

Дерекқор арқылы

- Academic Search Complete,
- Business Source Complete,
- Психология және мінез-құлық ғылымдары,
- Толық мәтін бар SocINDEX,
- ағылшын тілі ELL Learning
- Байланыс көзі сынды деректер базасы арқылы қалаған кітабыңызды



Досжан Балабекулы (фото)

жүктеп алуыңызға болады. Ол үшін <http://search.ebscohost.com/> сілтемесімен кіріп, пайдаланушы аты мен құпия сөз және «kaznu» деп теру қажет.

Сондай-ақ, студенттер дерекқор арқылы белгілі пән аясындағы мәліметтерді іздеп, ағылшын тілін үйрене алады. Тіпті базада қажетті ақпаратты электронды қалташаға сақтап алу бағдарламасы

да қарастырылған. Ал мұндай оқу жүйесі студенттер мен оқытушыларға қиындық тудырмайтыны анық.

Қол жетпес қажеттілік саналатын мұндай мүмкіндікке әзірге ҚазҰУ ғана ие болып отыр.

**Жанель ШОҚПАРОВА,**  
журналистика факультетінің  
4-курс студенті

**Президент Международного антиядерного движения «Невада-Семипалатинск»  
Олжас Сулейменов встретился с преподавателями и студентами КазНУ**

# How to make life around yourself better



*During the last five years it has become a tradition with the teachers of the chair of foreign languages to conduct a topical discussion lesson under the title "Brighten the corner where you are". The aim of the lesson is to acquaint the students with the basic ideas of the international movement of the same name, to get better understanding of its main principles and to encourage students to join it. In this issue of "Қазақ университеті" we are presenting a synopsis of senior teacher Zaur Zhanadilova's topical discussion lesson with the group of Oriental Department students. A dedicated teacher, highly qualified specialist in English language instruction Z. Zhanadilova has been working at al-Frabi University for 21 years. During all these years she has been trying to do her utmost to give the students good language competences.*

can choose what things to focus on. And if you want improvement then focusing on the good in people is a useful choice. It also makes life easier for you as your world and relationships become more pleasant and positive".

**Aigerim Zhumagulova:** "Once the rector of our university Galymkair Mutanov in one of his speeches said: 'Every human being is an unknown treasure that needs to come into light'. I think the founder of this movement honorable president of Anyang Korean State University Mr. Yung Sil Kim gave it a felicitous label "Brighten the corner where you are". He believed that the movement would acquire a big popularity among his compatriots because it proclaimed eternal truths: in order to live a happy life each member of society should work properly, try to do everything in perfect way and thus to add more brightness to the place where he or she is. The meaning of the phrase "Brighten the corner where you are" is to make life around yourself better, brighter, happier, it doesn't matter wherever you are you have to keep in your mind that everything depends on you".

**A. Kairat:** "For me the movement "Brighten the corner where you are" means to make other people feel happy by showing a simple act of kindness. I believe that kindness is one of the most important human characteristics. The simple act of kindness can really change someone else's outlook on life. I have noticed that just being polite to the people around you can really make the atmosphere around you more positive. It is a recognized value in many cultures and religions. Mark Twain said, "Kindness is the language which the dumb can speak, the deaf can hear & the blind can see." That's why I believe that kindness is a universal language. Everyone understands and speaks this language".

G.T. OKUSHEVA



all of them with new forms, boots and a ball. I love my brother and I am proud of him. I think those boys loved him too".

**Farida Eleuken:** "My home is in Taraz. I study at the university in Almaty. My grandparents live not far from Almaty. On weekends I go to visit them. The familiar smell of my grandma and grandpa's home, the warmth of their hugs, their radiant eyes, when they see me, make me feel happy. These are the great moments in

my life. These moments make me strong and safe."

**Dana Ashimkhan:** In my opinion "Brighten the corner where you are" means making the world better. But I think at first we should improve ourselves. When we change the world around us also changes. It is very important to see the good in people and there is always pretty much something good in people... And things that may not be so good. But you

Z. Zhanadilova: My lesson plan included reading the text "Brighten the corner where you are", doing exercises, learning the active vocabulary and speaking on after-text discussion questions. I'm lucky to have bright and inquisitive minded students in this group. Everyone in the group took part in the discussion. It was a good platform for self-expression on such powerful truths as "What is happiness and love?", "The idea of uniqueness of 'I'", "The meaning of life" and many other topics. I think the lesson was a rewarding experience both for me and my students. According to the lesson plan they had to write essays on this topic.

Here are passages from the students' essays:

**Nurgul Kuandik:** "I would like to write about my brother. As a student he organized a football match between children's home and student teams". The stadium was full of fans who came to watch the game. It was a wonderful venture. Boys from children's home were running across the football field with the sparkle in their eyes and ardent desire to win. And they did! You can't believe how happy they were when they got a big Cup of a winner and gifts. I also watched the game. One saddening memory of that game was that one of the boys from children's home didn't have boots... My brother presented

## On Kazakh Kinship

**All societies have a kinship system. This is a universal behavior. A universal behavior is something that exists in all societies around the world. Universal behaviors include: religion, music, art, language, etc.**

The kinship system of each society is a unique historical development that can be understood only through study of culture and through comparison with the kinship systems of other peoples. A lot can be learnt about culture from the study of kinship systems.

Most of the components of Kazakh ethnic culture are centered around kinship relations. Multiple customs, traditions, rituals and taboos related to child upbringing, marriage regulated norms of behavior between parents and children, siblings, between close and distant kinsmen, etc. Throughout all his life man lives in accordance with them and through them he realizes his significance and worth as a member of a social group. Customs and traditions serve a vital function in the life of each community, give definition, purpose, reason for being, and a solid foundation. It is a vital survival rule for the community to observe customs and traditions, because their main function and designation is to bring order and solidarity to society, to provide its integrity and

unity. They help the community to understand its past and present. Only on the basis of such an appreciation can community move together to face the uncertainties of the future.

Given the nomadic lifeway the Kazakhs have developed at first glance very complex and many branched kinship bonds with the moral codes, family relationship etiquette, the patterns of rights, duties and responsibilities. Kinship in the Kazakh society was one of the strongest binding forces. It was a crucial adaptive mechanism which guaranteed spiritual and cultural unity, ensured solidarity, peaceful coexistence and stability and helped people survive the severe conditions of Great Steppe. In Kazakh society any individual can be easily located and identified by his membership in a kin group. During long travels across the steppe it enabled them to easily come into contact with their countrymen and feel at home wherever they were. They could always find a close or distant relative and count on their support and aid, as a consequence, hospitality became one of the wonderful national traits of the Kazakh people.

The first and foremost principle of the Kazakh kinship system is the principle of "the seven ancestors," the number seven being the holy number. The principle of seven ancestors is a foundation for Kazakh descent groups which is crucial in the evolution of Kazakh tribal society, because it provides an adaptive solution to the problems of maintaining political order and defining rights over land, the land being the main asset of the nomadic pastoralists...(to be continued)

Prepared by *Muldagaliyeva A.A.*

**The delegation from the Republic of Cuba will be visiting KazNU this Thursday**

**Ш**ығай хан – Хақназар ханнан кейін 1580-1582 жылдары хандық билікте болады. Ол – Жәнібек ханның Жәдік деген ұлынан туған. Деректерде Жәдік сұлтанның Тоғым хан, Бөкей сұлтан, Мәлік сұлтан, Шығай хан атты ұлдарының болғандығы айтылады. Мәлік сұлтан мен Шығай ханның аналарының есімі – Абайхан бегім. Шығай ханның әкесі Жәдік сұлтан ноғай мырзасы Шағыммен болған бір ұрыста Жыланды төбе деген жерде қаза тауып, Үргеніштегі Бақырған атаның жанына жерленген.

Зерттеушілердің пікірінше, Шығай хан сексен жылдай өмір сүрген. Соған қарағанда ол шамамен XVI ғасырдың алғашқы жылдары дүниеге келген. XVI ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақ хандығының әлсіреу кезеңінде ішкі талас-тартыстар мен сыртқы жаулармен күрестер барысында қазақтың 70-ке жуық хандары мен сұлтандары қаза табады. Олардың барлығы да Жәнібек ханның ұрпақтары болатын. Тек қана бірнеше сұлтанның



## Шығай хан

есімдері одан кейінгі кезеңдердегі оқиғаларда кездесе бастайды. Солардың бірі – Шығай хан болатын.

Қадырғали Жалайыридың жазуына қарағанда Шығай хан жас шағында батырлығымен аты шығып, атақ-даңқы шартарапқа жайылған. Хақназар ханның билік құрған

жылдары оның саясатын қолдап, үнемі соның қасында жүреді. Барлық жазба дерек мәліметтерінде Шығайдың есімі Хақназар ханның есімінен кейін жазылып отырады.

1580 жылы Хақназар ханның кенеттен болған қазасынан кейін Шығай хан қазақ елінің тағын

иемденеді. Ол Мауереннахрдағы шибанилық әулет арасындағы күресте Хақназар ханның ұстаған бағытын одан әрі жалғастырады. Шибанилық Абдаллах ханның Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы күресінде Шығай хан Бұхара ханына қолдау көрсетеді. 1581 жылы сол үшін Шығай ханға Ходжент өңірі сыйға беріледі. 1582 жылы Абдаллах ханның Баба сұлтанға жасаған жорығына Шығай хан мен оның ұлы Тәуекел сұлтан да қатысады. Баба сұлтан жеңіліс тауып, ноғайларға қашып барады. Ақыры оны Тәуекел сұлтан қолға түсіреді де, басын кесіп алып, Абдаллах ханға сыйға жібереді. 1582 жылы жасы келіп, Шығай хан қайтыс болады. Сүйегі Бұхара маңындағы Күміскентте, Әли атаның жанына қойылады.

Шығай ханның артында көп ұлдары қалады. Олардың ішінде белгілі болғандары: Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Алтын-ханым, Тәуекел хан, Есім хан, Сабыр бике ханым, Әли сұлтан, Сұлұм сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шахим сұлтан. Қазіргі кездегі қазақ халқындағы төрелердің басым бөлігі осы Шығай ханның ұрпақтары болып саналады.

# Тәуекел хан

**Т**әуекел хан – 1582-1598 жылдардағы қазақ ханы, Шығай ханның ұлы. Анасы – шағатайлық Жақсым бике, одан Тәуекел ханнан басқа, болашақ қазақ ханы – Есім хан және Сабыр бике ханым дүниеге келеді. Хан тағын иеленгенге дейін Тәуекел әкесі Шығай ханның жанында болып, қазақ қоғамындағы беделді сұлтандардың бірі болады. Шығай ханмен бірге Мауереннахр билеушісі Абдаллах ханның Баба сұлтанға қарсы күресіне белсене араласады. 1582 жылы Баба сұлтанды жеңіп, оның басын Абдаллах ханға әкеліп береді. Келесі жылы Баба сұлтанның інісі мен ұлын жеңіліске ұшыратады. Абдаллах ханның қарсыластарын жеңу арқылы ол Мауереннахр билеушісінің күшейгенін сезіп, одан бірден қол үзеді. Тәуекел хан әрі батыр, әрі қолбасшы, әрі мерген болуымен қатар, шебер дипломат та бола білген. Оның билік құрған жылдары Қазақ хандығының рөлі көршілес елдерде де артады. Жазба деректерде Тәуекел хан туған інісі Шахмұхаммед сұлтанды (Шахим сұлтан) қалмақтардың билеушісі етіп қойса, бір ұлын қырық тайпалы қарақалпақтарды басқаруға қояды. Тәуекел ханның беделін Шығыс Түркістандағы Моғулия мемлекетінің билеушілері де мойындаған. Ол жақта хан тағына кім отырады деген мәселеде Тәуекел ханның сөзі өтімді болады.

Тәуекел ханға дейін Қазақ хандығының басты қарсыласы – Мауереннахрдағы шибанилық әулеттің болғаны белгілі. Тәуекел хан тұсында да бұл үрдіс жалғасады. Кезінде Шығай ханның, одан кейін Тәуекел ханның Абдаллах ханды қолдауы қазақтарға географиялық жағынан жақын орналасқан Ташкенттің күшеюіне қарсылық ретінде болса, Баба сұлтан мен оның ұлдарының көздері жойылғаннан кейін Тәуекел хан Абдаллах ханның өзіне қарсы шығады. Қазақ билеушілері мен мауереннахрлық билеушілер арасындағы күрестің басты себебі – Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерге иелік ету болатын.

1586 жылы Тәуекел хан алғаш рет Ташкент өңіріне жорыққа аттанады. Ташкентке барар жолдағы Шарапхана деген жерде мауереннахрлық әскерді тас-талқан етіп жеңеді. Самарқаннан көмекке келген әскер ғана Ташкентті аман алып қалады. 1594 жылы Тәуекел хан Мәскеуге елші жіберіп, Абдаллахқа қарсы күресу үшін әскери одақ құруды, Мәскеуден «отты қару» алуды және Мәскеудегі Оразмұхаммед сұлтанды босатуды көздейді.

1598 жылы Тәуекел хан Орта Азияда қалыптасқан саяси дағдарысты пайдаланып, 90 мыңдық қазақ әскерімен Мауереннахрға аттанады. Аз уақыттың



ішінде көп қарсылықсыз Яссы, Сайрам, Ташкент, Ахси, Андижан, Самарқанд қалалары алынады. 70 мыңдық қолды өзі басқарып, Бұхар қаласын қоршауға алады. Қала түбінде болған шайқастардың бірінде Тәуекел хан ауыр жаракат алады да, көп ұзамай Ташкентте қайтыс болады.

Тәуекел ханның аяқталмай қалған ісін таққа отырған туған інісі – Есім хан шегіне дейін жеткізеді. Қазақ хандығының алғашқы кезеңінен бері Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізілген күрестер Тәуекел ханның тұсында жеңіспен аяқталады. Оның қаза табуы ғана ол жеңісті заңдастыруға мүмкіндік бермеді.

Оның мұрагері Есім хан Мауереннахрға билікке келген Аштарханилық әулетпен бейбіт келісімге келеді. Ол бойынша қазақ әскерлері Бұхара мен Самарқан жақтан әкетіледі, ал Сыр бойындағы қалалардың бәрі және Ташкент қаласы Қазақ хандығының құрамына қалдырылады.

Жазба деректерде Тәуекел ханның жап-жас 3-4 ұлының болғандығы айтылады, бірақ олардың ешқайсысының кейінгі жылдардағы тарихы туралы мәліметтер жоқ.

**Берекет КӘРІБАЕВ**

(Басы өткен сандарда. Жалғасы бар)

**ҚазҰУ-дың он студенті Korea Sanhak Foundation қорының шәкіртақысына ие болды**

# Студенттер клубы – таланттылар мекені!

Еліміздің үздік университеті – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түскен әрбір студент қасиетті қара шаңырақта білімнің терең нәрінен сусындап қана қоймай, бойындағы өнерін көрсетіп, талантын шыңдай алады. ҚазҰУ-дың Студенттер клубы осы шығармашыл жастардың басын құрап, түрлі мәдени бағыттарда жұмыс атқарады.



Студенттер клубы 500-ден аса концерттік нөмірді мұрағатта сақтап, жылына 100-ге жуық іс-шара мен акция ұйымдастырады. Аталған орталық талай жастың жұлдызды мекеніне айналған, мәдени бағытта өткізілетін іс-шаралар мен көлеміне байланысты Республика сарайынан кейінгі екінші орын алатын Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында орналасқан. Клубта біліктілігі жоғары музыка мамандары, кәсіби тұрғыда ән жазатын студия, көркемөнерпаздарға арналып тігілген костюмдер, қажетті аспаптар бар. Одан өзге жастардың шығармашылықпен айналысуына қолайлы «Руханият» орталығы да клубпен тығыз байланыста.

«Студенттер клубының басты мақсаты – өнерлі жастардың болашаққа деген сенімдерін арттырып, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру, өнердің асыл қазына екендігін саналарына құю, талапты жастың бойында ертерек қалыптасқандарынды одан әрі аша түсу, танылмаған таланттарды таныту», – дейді клуб жетекшісі Сарғбай Жанар Үшкемпірқызы. Мақсаты айқын, бағыты

нақты бұл орталықта студенттердің өнерін шыңдау үшін түрлі үйірмелер құрылған. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Болатқали Қажыбекұлы Әмірханов басқаратын, 120-ға жуық мүшесі бар «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрі; 2003 жылы негізі қаланған, 150-ге жуық студентті біріктірген, Қазақстан Республикасының мемлекет қайраткері Галя Асанғазықызы Есмұханбетова басшылық ететін «Бахыт» би ансамблі; университеттік театр өнерін жалғастырушы «Біз» студенттік театр үйірмесі. Ұлт-аспаптар оркестрі көпшілікке «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай», «Айжан қыз» және одан өзге көптеген күйлерді ұсынса, «Біз» театры «Адаспандар!», «Той», «Кешіріңіз, сізді ажал күтіп тұр», «Бағдаршам» атты қойылымдарын тарту етеді. Сондай-ақ таланттарды тәрбиелейтін орталықта заманауи, ретро және халық әндерін қамтитын, кәсіби сахналық мәдениетке үйрететін «Эстрада және вокал» үйірмесі, 60-тан астам домбырашы мен 15 кобызшыны біріктіретін «Домбыра



және кобыз» үйірмесі, университетімізді танытуға зор үлес қосып жатқан «Хор» және «Жас ақындар» үйірмесі бар.

Студенттер клубының үйірмелері осы уақытқа дейін көптеген жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Орталық ұстаздарынан тәлім алған өнерлі жастар өмір жолында өз орындарын тауып, бірі телеарнада жүргізуші болса, енді бірі актерлік қабілетін көрсетіп, отандық кинофильмдерде бой көрсетіп жүр. Енді бірі үйірме жетекшілерінің қолдауымен түрлі қалалық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Атап өтсек, олардың қатарында «Қазақстан дауысы» жобасының қатысушылары Жанна Верещак, Ерман Бердалы сынды өнерпаздар бар. Сонымен қатар университет іс-шараларының жоғары деңгейде өтуіне атсалысатын «Бахыт» би ансамблі қазіргі таңда «Бахыт» шоу-балет атанып, репертуарларындағы қазақ, шығыс, орыс, үнді, заманауи үлгідегі билерімен мемлекет көлеміндегі іс-шараларға белсене қатысуда. Осы орайда, таланттылар шеберханасы болып

табылатын «Көңілді тапқырлар клубын» да атап өту қажет. 22-ден аса факультеттік командадан құралған ҚазҰУ құрамасы Қазақстанның үш дүркін чемпионы болып табылады. 2009 жылы ТМД-ның үздік 50 командасының қатарына қосылуы, 2010 жылы Қазақ КТК Лигасының 10-шы Республикалық КТК чемпионатының жеңімпазы атануы, дәл сол жылы Республикалық КТК ашық лигасының чемпионы және 2014 жылы «Жайдарман» республикалық ойынының Жоғары Лигасының чемпионы болуы – біз үшін үлкен мақтаныш.

Дарындыға жол көрсетіп, өнерін баршаға көрсетуге үлкен ықпалын тигізетін Студенттер клубы жанарында жалыны бар жастарға әрқашан қолдау көрсетеді. Сондықтан бойымыздағы өнерімізді жұртшылыққа паш етуге асығайық! Студенттер клубына барып, өнерлі болашағымыздың жарқын боларына сенейік, достар!

Ұлжан ИБРАИМОВА



**28 октября Центр «Русский язык и культура» сердечно приглашает вас принять участие в межфакультетском конкурсе**



**Нұрбек НҰРЖАН**

*Жамбыл облысы, Меркі ауданында  
1995 жылы 29 мамырда дүниеге келген.  
Өлеңдері жас ақындардың «Алтау  
жырлайды», «Күн сәті» және қазақ  
поэзиясының антологиясы – «Жыр  
маржаны» сынды жинақтарға енген.  
Қалалық, облыстық, республикалық жыр  
мүшәйраларының жеңімпазы.  
Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың  
журналистика факультеті  
«Баспа ісі» мамандығының  
4-курс студенті.*

**Күз бен өмір**

Бір соғылмай тұра алған бұл бас қашан?  
Жарқ етсін от, жүрегіне тас қаша!  
Ертеректе мен сезінген, мен көрген,  
Мынау өмір басқаша еді, басқаша!

Түссе ымырт Ай сәулесін сауады,  
Бұлт шаһарға ансарым да ауады.  
Күз оралды бұлттағы қайыңға,  
Көк аспаннан жапырақтар жауады.

Төсімдегі кара аспан ашылды,  
Аспан ана тойдырды кеп аш ұлды.  
Бұлт мойнынан алқалары үзіліп,  
Көк аспаннан күміс моншақ шашылды.

Құлақ түрші күз зарына, тек үнге,  
Саумал самал әгірінен себін де.  
Жамылады күзгі шаһар тұманды,  
Тар көшелер киінеді кербінге.

Токтатпашы, мұңның күйін шертем мен,  
Жоктаймын кеп сезімдерді ерте өлген.  
Адамдардың жүректері сүп-суық,  
Ақ қайыңның жапырағы өртенген.

Кім түсінсін жүзі сынық бұл айды,  
Қара аспанның терезесі жылайды.  
Мен секілді күз тағдырға шыдамай,  
Жапырақтар жығылады, құлайды.

Құлпын бұзып шыққан екен сөз неше?  
Бүгінгіме қарап тұрды көз кеше.  
Қазір ғана мен сезінген, мен көрген,  
Мынау өмір енді мүлдем өзгеше!

**Өкпеліміз кеш  
оралған көктемге**

Екеуіміз де қол созамыз көктерге,  
Мұңаямыз құстар ұшып өткенде.  
Екеуіміз де толған айға ғашықпыз,  
Өкпеліміз кеш оралған көктемге.

Леп ізімен жүзіп барад әр қайық,  
Жетер енді, жылы жаққа самғайық.  
Екеуіміз де күз келгенде жалғызбыз,  
Сағынамыз жапырақтай сарғайып.

Жапырақтай сезімдерді тона, күз!  
Күзден ұштық енді қайда қонамыз?  
Екеуіміз де ұнатамыз балмұздақ,  
Балмұздақтай жүректерден тонамыз.

Көктем қазір...  
Кеуделерде тірі күз,  
Менің аппақ әлеміме кіріңіз.  
Екеуіміз де өле сүйген ғашықпыз,  
Қинайтұғын бірімізді біріміз.

Таң келеді, етегін түн жия алмай,  
Біздің ғажап сағынышты қия алмай.  
Төкаппармыз, танып тұрып танымай,  
Сүйіп тұрып, жек көреміз ұялмай.

Мың жыл уақыт сарғайған хат бұл күзден,  
Жапырақ қыз құсқа еріп жүр бізбен.  
Екеуіміз де мұңдасамыз қайыңмен,  
Сырласамыз сыбыр-сыбыр жұлдызбен.

Шақырады қарындасын жел, енді,  
Қашақтамай құшағыма кел енді.  
Түнгі лептен естіікші әуенді,  
Жапырақтан оқиықшы өленді.

Бетінде Ай, аспан деген менді қыз,  
Сол аруға сыр айтамыз енді біз.  
Балқонның қол бұлғайсың тағы да,  
Кел дейсің бе?  
Кош дейсің бе?  
Белгісіз...

Екеуіміз де қол созамыз көктерге,  
Мұңаямыз құстар ұшып өткенде.  
Екеуіміз де толған Айға ғашықпыз,  
Өкпеліміз кеш оралған көктемге.



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)



**СЕН ЖАЙЛЫ СОҢҒЫ ӨЛЕН**

Бәрі бітті...  
Жылама, жыламасын мен де енді,  
Мен келмеймін сол баққа, сен де, сәулем, келме  
енді.  
Сұрқай күздің жөтелі үрледі ғой сезімді,  
Өшті, сөнді, қайтейін, жаға алмаспыз сөнгенді.

Қос жапырақ қайында бірі үзілді, қимадым,  
Киналмаспын, дегенмен сен өзінді қинадың.  
Жер жаһанға, ғаламға махаббатым айқара,  
Бірақ, қалқам, сен ғана құшағыма сыймадың.

Күпісінде былғары өзге жанға кетерсің,  
Күзден көштің көктемге мизам көктей екенсің.  
Мінезімді мезгілдей түсінбепсің, ұқпапсың,  
Сүйсең дағы қаншалық, соншалықты бөтенсің.

Неше гүлдер солды екен, тамшылады неше тер?  
Биік өкшене тапталып жапырақтар төселер.  
Бізді күткен Көктөбе бұлтқа оранып калыпты,  
Шам күйген бе, қараңғы, біз жүретін көшелер...


Біз баратын ресторан, біз баратын кафелер,  
Тәтті ерніңді сүйгізген ыстық, шіркін, кофелер.  
Қазір мүлдем басқаша...  
Мұздай қолың, кофе де...  
Қолыңды ыстық сол кезде жібермес ем қап, егер...

Қараушы едік от өрім үміт көріп таңға біз,  
Сағынады сыбызғы, мұңаяды шаң қобыз.  
Түнгі Алматы бұлыңғыр...  
Аялдама жабырқау...  
Дырылдаған моторы бізді күткен автобус...

Ақ сезімнің қанаты, әттен, әлсіз, талды ғой,  
Қауырсында жазылған өлең отқа жанды ғой.  
Бізді күткен театр...  
Бізді күткен саябақ...  
Күткен қалпы...  
Күткен қалпы қалды ғой...

**Жылағың келген шығар...**

Жылағың келген шығар...  
Айнадан, көктен, жерден де,  
Суреттерімді көргенде.  
Жылағың келген шығар...  
Бұзылып мәңгі әсте ұйқың,  
Аспанның санап тасбиқын.  
Жылағың келген шығар...  
Нұрымды іздеп таңдардан,  
Көзімді іздеп шамдардан...  
Жылағың келген шығар...  
Ойымды іздеп бөктерден,  
Жанымды іздеп көктерден.  
Жылағың келген шығар...  
Шошынып өзін ойыннан,  
Төнімді іздеп қайыңнан.  
Жылағың келген шығар...  
Мұңдардан мәңгі қашқаннан,  
Арымды іздеп аспаннан.  
Жылағың келген шығар...  
Көзіңнен сезім тайғанап,  
Мұңымды іздеп Айдан ақ.  
Жылағың келген шығар...  
Кофенді үрлеп ұртталған,  
Сағыныш іздеп бұлттардан.  
Жылағың келген шығар...  
Жасырып мені тағдырға,  
Жасырып жасты жаңбырға.  
Жылағың келген шығар...  
Іздеумен бақтан сырымды,  
Жапырақтардан жырымды.  
Жылағың келген шығар...  
Өте алмай уақыт қамалдан,  
Ернімді іздеп самалдан.  
Жылағың келген шығар...  
Құшағымда боздап бір,  
Жаныма сіңіп, аздап кір.  
Жылағың келген шығар...  
Іздеумен таппай ғаламды,  
Автобустардан қарамды.  
Жылағың келген шығар...  
Мендегі таппай жолымды,  
Жібермей ыстық қолымды.  
Жылағың келген шығар...  
Жастықты мұз қып шер деген,  
Таба алмай жылу көрпеден.  
Жылағың келген шығар...  
Уақыттан аттап өте алмай,  
Көктемге ұшып жете алмай.  
Жылағың келген шығар...  
Терезен қалып ақшамда,  
Гүлдерің қалып бақшамда.  
Жылағың келген шығар...  
Хатымды өртеп мың қырық,  
Телефоныңды сындырып.  
Жылағың келген шығар...  
Іздеумен...  
саған күй сінді,  
Күзекте қалған иісімді.  
Жылағың келген шығар...  
Соңғы рет мұңмен түйісіп,  
Соңғы рет түнмен сүйісіп.  
Жылағың келген шығар...  
Кеткің кеп менен үш аттап,  
Айдың ақ жібін құшақтап.  
Жылағың келген шығар...  
Бәрінен безіп тым ұзап,  
Теңізге қарап күн ұзақ.  
Жылағың келген шығар...  
Айхайлап, зарлап, тек үнсіз,  
Сүюмен мені, тек мұңсыз.  
Жылағың келген шығар...  
Көзімді іздеп көзіңнен,  
Өзімді іздеп өзіннен.  
Жылағың келген шығар...  
Жылатқың келген шығар...  
мені...



**Тағылымды  
кездесу**

**Ұлттың бүгінгі мен келешегі – білімді жастардың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Сондай-ақ, елімізде өзара түсіністік пен дінаралық татулықты сақтай отырып, мемлекеттілікті нығайту үшін жас ұрпақ дәстүрлі діндер, олардың рухани құндылықтары, еңбектері, дін ғұламалары туралы білу керек.**

Осы тақырыпта жақында ҚазҰУ-дың журналистика факультеті, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының ұйымдастыруымен жастардың діни сауатын ашу, жастар арасында ислам дінін насихаттау, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында Астана қаласы «Әлжан Ана» мешітінің имамы, қажы, ғалым, теолог Ермек Мұқатаймен және «Гүлзар» ҚБ төрайымы, «Гүлстан» журналының редакторы, PR менеджер Батима Қабдолдановамен кездесу өтті.

Имам ислам дінінің құндылықтары туралы, имандылық бар жақсылықтың бастауы екенін, әр мұсылманға ақ ниет, ыстық жүрек жарасатынын айтып өтті. «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына: «Адам денесінде бір бөлшек бар, егер сол таза болса, адам таза болады. Ол – жүрек», – деген екен. Сондықтан, жүрегімізге жақсы нәрселерді жинауымыз керек», – дейді имам. Сонымен қатар, имам «дін дегеніміз осы екен ғой» деп жат ағымның жетегінде кетіп қалмауды түсіндірді.

Студенттер әңгіме барысында өздерінің діни білімдерін ортаға салып, көкейде жүрген сұрақтарын қойды. Журналистика факультетінің 1-курс студенті Арынбек Күнтудін: «Мектеп бағдарламасында «Дінтану» сабағы болады. Бірақ ол пәннен діни сауаты бар ұстаз емес, тарих пәнінің мұғалімі дәріс жүргізеді. Осы жөнінде не айтасыз?» деген сауалына: «Бұл өзекті мәселелердің бірі. Мұндай жағдайлардың болуының себебі – мамандардың тапшылығынан», – деді Ермек қажы.

Сондай-ақ кездесуде Батима Қабдолданова студенттердің болашақ кәсібі туралы пікірлерін тыңдап, білікті маман болуларына ақ жол тіледі. «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында жерімізді көркейту, көгалдандыру жұмыстарының жалғасын таба беретіндігін жеткізді.

Мұхаммед Пайғамбар: «Отанды сүю имандылықтан басталады», – деп өсиет айтса, дана халқымыз: «Иманды елді жау алмас», – дейді. Олай болса, имандылық пен бірлікті ту етіп көтеру – біздің басты мақсатымыз.

**Сымбат АЙДАРХАН,**  
Студенттік баспасөз орталығы

# Шаршы топта сындар

## «Ана тілі аруы» мен «Жігіт сұлтаны»



Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, жастардың жеке тұлға ретінде дамуына, рухани кемелденуіне ықпал ету, заманауи қыздар мен жігіттердің шығармашылық және жоғары зияткерлік әлеуетін қалыптастыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын, табиғи сұлулықты насихаттау барысында жыл сайын дәстүрлі түрде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Студенттер сенатының ұйымдастыруымен «Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» байқауы өтеді.



интеллектуалды өресі, өнері, білімі сараланған бұл сында 13 факультеттен 10 ару, 10 сұлтан таңдалып алынды.

Ақтық мәре қараша айының 20-сына белгіленіп отыр. Жыл сайын дәстүрлі түрде арулар өз колдарымен қазақтың ұлттық тағамдарын дайындап, жәрменке өткізіп, одан жиналған қаражат жетім балалар үйіне қамқорлық іс-шараларын жүргізуге жұмсалады. Ал жігіттер асық

ойнау, қол күрестіру сияқты ұлттық спорт сайыстары бойынша сынға түспек. Сонымен қатар байқауға қатысушылардың тек спорттық қабілеті ғана емес, ұлттық салт-дәстүрді білуі, үлкенге — құрмет, кішіге ізет көрсету сынды қасиеттері де басты назарға алынады.

**Динара ШӘМИШЕВА,**  
Студенттер сенаты



Бұл байқаудың іріктеу кезеңі қазан айының 7-8 жұлдызында басталып кетті. Алғашқы кезеңге университеттің 200-ге жуық талапты жасы қатысты. «Таланттылар тартысы» деп аталған екінші кезең 14 қазан күні болды. Бұл кезеңде байырғының бүгінге жеткен асыл мұрасын насихаттаған сайыскерлер көз қуантты. Талшыбықтай мың бұралған қыздарымыз би билеп, әуелете ән шырқаса, сұлтандарымыз да өз өнерлерін ортаға салды. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, бірі кара домбыраның құлағында ойнаса, енді бірі театрландырылған қойылым қойды. Екінші кезеңде ай десе аузы, күн десе көзі бар 36 ару мен тепсе

темір үзетін 28 жігіт сұлтаны бақ сынаған болатын.

Өнерлі жастарға қазақ эстрадасының талантты әншілері — Мөлдір Әуелбекова, Еркін Мәулен, актриса Салтанат Қалиева, Бауыржан Сатов, Назерке Өмірбағаберді. Мөлдір Әуелбекова сайыстың екінші кезеңі туралы: «ҚазҰУ студенттері «Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» байқауын өткізуді дәстүрге айналдырғаны қуантады», — десе, Салтанат Қалиева: «Жалпы, өнерлі жастарымыз көп екен, тіл десе жанып тұрған қазақтың ұл-қыздары бар екеніне көз жеткіздім! Жігерлі де жүлделі болуларына шынайы тілектеспін», — ақ ниетін білдірді. Қатысушылардың



### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел.: 2-93-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Талпырыс №811

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.